

Түркістан облысы

**Кентау қалалық мәдениет, тілдерді дамыту, денешынықтыру және спорт
бөлімінің Тілдерді оқыту және дамыту орталығы
(Ересектерге мемлекеттік тілді үйрету бағдарламасы)**

ҚАЗАҚ ТІЛІ

(B-1 орта деңгейі бойынша)



Жұмыс дәптері

Құрастырып дайындаған: Асханова Ж.И.

ТҮСІНІК ХАТ

Курсқа жалпы сипаттама

Тіл қолданушы қазақ тілділермен тілдік қатысымға түскенде негізі коммуникативтік қажеттіліктерін қанағаттандыра алуы керек. Жұмыста, оқуда, бос уақытта кездесетін әр түрлі тақырыптар бойынша әдеби тілде жасалынған нақты хабарлардың негізгі ойларын түсінуі керек.

Тіл қолданушы белгілі немесе өзін ерекше қызықтыратын тақырыптарға байланысы бар мәлімет бере алуы тиіс. Өз таңданысын, әсерін, үмітін, ниетін, оқиғаларды сипаттап, келешектегі жоспары мен пікірін негіздей білуі керек.

Тыңдалым:

Тіл қолданушы радиодан, ұнтаспадан таныс тақырыптарға анық және жай айтылған мәтіндердегі негізгі мәліметтерді; өзін қызықтыратын тақырыптар бойынша радиодан бірқалыпты берілген ақпараттардан қажетті мәліметтерді; өз кәсібі бойынша қарапайым және таныс тақырыптарға баяндалған дәріс пен сұхбаттарды; өз жұмысына, мектепке, демалысқа және т.б. жағдайларға қатысты таныс сұрақтар бойынша түсіне алуы қажет. Қарапайым құрылымдарды түсінеді. Күнделікті қолданылып жүрген материалдардан өзіне қажетті ақпаратты таба алады. Ұзақ немесе бірнеше қысқа мәтіндерден қажетті ақпаратты таба алуы қажет.

Оқылым:

Тіл қолданушы керек ақпаратты табу үшін барынша үлкен мәтінді қарап шыға алады, сондай-ақ нақты тапсырманы орындау үшін мәтіннің әр түрлі бөлігінен немесе әр түрлі мәтіндерден ақпарат жинай алады.

Тіл қолданушы нақты ақпарат мазмұны қызықты тақырыптағы қарапайым мәтіндерді оқи алуы қажет және өзін қызықтыратын тақырыптағы қарапайым мәтін мазмұнын толық түсіне алуы қажет.

Жазылым:

Тіл қолданушы өзін қызықтыратын тақырыпқа қысқа, қарапайым эссе жаза алуы қажет.

Тіл қолданушы өзінің қызметі шеңберінде кездесетін күнделікті таныс немесе таныс емес мәселелер бойынша жиналған деректі ақпараттар туралы өзінің пікірін еркін хабарлап, қорытындылай алуы керек.

Тіл қолданушы өзіне кеңінен таныс және қызықтыратын мәселелерін, оның жекелеген элементтерінің қатарын байланыстыра отырып, қарапайым мәтін жаза алуы керек.

Айтылым:

Тіл үйренуші ауызекі тілде өзіне айтылған әңгімені түсінеді, бірақ кейде қайталап сұрауы мүмкін. Сапар кезінде кездесетін барлық жағдайларда сөйлесе алуы керек.

Әр түрлі жағдайларда, таныс тақырыптарда («Мамандықтың түрлері», «Қызығушылық», «Жұмыс», «Саяхат», «Әуежай», «Қонақүй», «Отандық тауар» «Күнделікті оқиға» т.б.) әңгімеге қатыса алуы керек. Анық айтылған әңгімені түсіне алуы қажет. Таңдану, қуану, өкіну, қызығу сияқты сезімдерді білдіре алады және оларға жауап қайтара алуы қажет.

Бағдарлама мақсаты:

Қазақ тілін орта деңгейде білетін басқа ұлт өкілдерінің мемлекеттік тілді меңгеру дәрежесін жетілдіру.

Бағдарлама міндеті:

- Қазақ тілін қарапайым деңгейде меңгерген тілдік дағдыларын одан әрі жетілдіру;
- Лексика-грамматикалық тақырыптарды тереңірек қамтып, қазақ тілінің өзіндік ерекшеліктерін жете меңгерту;
- Сөздерді дұрыс айтуға, сөйлемдерді дұрыс құрастыруға жаттықтыру;
- қазақ тілінде тартымды, қысқа әңгімелердің мазмұнын, мәтіндерді жүйелі баяндай білу шеберліктерін арттыру;

Грамматика:

Бұл бағдарламада тіл үйренушілер фонетика, лексикология салаларындағы басты тақырыптармен, сөз таптары және олардың түрленуімен танысады.

Күтілетін нәтиже: қамтылған тақырыптар бойынша сөздік қорлары артады, оларды сипаттап, бейнелеп айту дағдылары дамиды, қазақ тілін орта деңгейде меңгереді.

Тіл үйренушілер игеруі керек:

- ❖ В1 деңгейіне сәйкес келетін мәтіндерді түсініп, одан керекті ақпараттарды таба білуі;
- ❖ әрбір тақырыптан өзінің үйренгені туралы айтып бере алу;
- ❖ естігенін түсіне білу, оқығанын түсінікті қабылдай білу, қазақ тілінде орта деңгейде жаза білу және тілдік құрылымды дұрыс пайдаланып, сөйлей білу қабілеті.

Барлығы: 80 сағат

**Мемлекеттік тілді үйренушілерді оқытуға арналған
күнтізбелік жоспар**

Орта деңгей

| Тарау | № | Лексикалық тақырып | Сөйлеу интенциясы (қажеттілігі) | Грамматикалық тақырып | Сағат саны |
|----------|---|----------------------------------|--|---|--------------------------------------|
| I тарау | | Қарым-қатынас | | | 10 |
| | 1 | Отбасылық қарым-қатынас | Отбасы туыстық атаулар (әпке, жиен, іні, сіңлі, қарындас, үйлену, тұрмыста, кәрі кісілер, зейнеткер, үй шаруасында, жанұя,), отбасы проблемасы, бала кімнің тәрбиесінде болғаны жөн?, араздасу, қамтамасыз ету, құрметтеу, мізес, сыныптас | Бұрынғы өткен шақ. Сұрау есімдігі. Сын есім. Салыстырмалы шырай | 2 2 1 1 1 1 1 1 |
| | 2 | Жаттығу жұмыстары | | | |
| | 3 | Телефонмен сөйлесу | | | |
| | 4 | Достық | | | |
| | 5 | Өмірдің маңызы | | | |
| | 6 | Дос табу | | | |
| | 7 | Тест жұмыстары | | | |
| | 8 | Қорытынды сабақ | | | |
| II тарау | | Баспасөз-медиа | | | 10 |
| | 1 | Теледидар | Ұлттық телеарна, бағдарлама, айтыс, жас өспірімдерге арналған «Айгөлек» байқауы, «Денсаулық» туралы бағдарлама, Ұлы тұлғалар туралы бағдарлама, шетел жаңалықтары, елімізде болып жатқан жаңалықтар, «Азамат» бағдарламасы, тәрбие, қазақша концерт, қазақша кино, «Балапан» телеарнасы, ертегілер елінде, әзіл кеш, жаңалық, кемшілік | Дағдылы өткен шақ. Асырмалы шырай. Ырықсыз етіс Мезгіл үстеуі (-ғы, -гі, -қы, -кі жұрнақтары) Септеулік шылаулар. Есімшенің заттануы | 1 2 2 1 1 1 1 1 |
| | 2 | Бұхаралық ақпарат құралдары | | | |
| | 3 | Газет, журналдар оқу | | | |
| | 4 | Баспасөз – өмір айнасы | | | |
| | 5 | Кімнің миллионер болғысы келеді? | | | |
| | 6 | Тест жұмыстары | | | |
| | 7 | Жазба жұмыстары | | | |
| | 8 | Қорытынды сабақ | | | |

| | | | | | |
|--------------|---|---|--|--------------------------------------|----|
| III тарау | | Өмір сүру салты | | | 10 |
| | 1 | Менің үйім | Ауызғы бөлме, | Тұйық етістік + | 1 |
| | 2 | Жалға беретін үйлер | балалар алаңқайы, | қажеттілік | 1 |
| | 3 | Оқылым, тыңдалым, сөйлесім жаттығулары | жеке меншік, жер үй, жауапкершілік, | модальдігі. | 2 |
| | 4 | Өмір сүру салты | кездестіру, талқылау, | Көмекші есімдер. | 1 |
| | 5 | Грамматикалық жаттығулар | есіме түсір, ұшырату, ұсыну | Мақсатты келер шақ | 2 |
| | 6 | Шет елдер туралы | Балаларға арналған | Бұйрық рай. | 1 |
| | 7 | Тест жұмыстары | кинотеатр, қуыршақ | Болымсыздық | 1 |
| | 8 | Қорытынды сабақ | театры, жүгіру, суға жүзу, шахмат, футбол | есімдігі | 1 |
| IV тарау | | Саяхат | | | 10 |
| | 1 | Саяхаттау | Аэропорт, кеме, | Жалғаулық | 1 |
| | 2 | Ел-жер аралау | күнделік, қону, қайық, | шылаулар | 1 |
| | 3 | Әуежай | қонақүй, төлқұжат, | Бұйрық райы + деп | 1 |
| | 4 | Қонақүй | ұшақ, есте қалар, құм | едім | 1 |
| | 5 | Грамматикалық тапсырмалар | қалашық, көрнекі | Көру модальдық | 2 |
| | 6 | Жаттығу жұмыстары | жерлер, теңіз жағасы, серіктес жолаушы, | етістігі | 1 |
| | 7 | Жазба жұмыстары | қызықты демалыс, тарихи жерлер, | Болжалды келер шақ | 1 |
| | 8 | Тест жұмыстары | мәдениет | | 1 |
| | 8 | Қорытынды сабақ | | | 1 |
| V тарау | | Тұлға | | | 10 |
| | 1 | Билл Гейтстің 10 құпиясы | Ақылды, арманшыл, айтқыш, дарынды, | Қыстырма сөздер | 1 |
| | 2 | Адамның мінез-құлқы | жауапты, жігерлі, | Сын есім | 1 |
| | 3 | Адамдардың іс- әрекеттері | қайратты, қарапайым, көрікті, көпшіл, | тудырушы | 1 |
| | 4 | Әлемді өзгерткен он адам | кекшіл, мінезді, оқымысты, сөзшең, | жұрнақтар | 1 |
| | 5 | Түйіндеме жазу | сұсты, бас тартпау, | Есімшенің анықтауыштық қызметі | 1 |
| | 6 | Жазба жұмыстары | келіссөз, құпия, | Ортақ етіс | 2 |
| | 7 | Тест жұмыстары | қолұшын созу, | | 2 |
| | 8 | Қорытынды сабақ | мақсатшыл, мәңгілік, оқыған, тәуелсіз | | 1 |
| VI тарау | | Мамандықтың бәрі жақсы | | | 10 |
| | 1 | Мамандық атауы | Әділдік, еңбекқор, | Зат есім тудырушы | 1 |
| | 2 | Жұмыс іздеу сырлары | жалақы, жұмысбасты, | жұрнақтар | 1 |

| | | | | | |
|---------------|---|--------------------------------|--|--|----|
| | 3 | Табысқа жеткізер сегіз жол | жұмыс күні, қызығушылық, | Белгісіздік есімдігі | 1 |
| | 4 | Еңбекқор адам | лайықты, тәрбиеші, | Біріккен сөздер | 1 |
| | 5 | Артық болмас білгенің | татулық, тазалық, ақкөңіл, балабақша, | Қос сөздер | 1 |
| | 6 | Жаттығу жұмыстары | бүгін, биыл, еңбеккүн, жұмыс өтілі, | Бөлшектік сан есім | 2 |
| | 7 | Тест жұмыстары | кәсіпорын, | | 2 |
| | 8 | Қорытынды сабақ | көшбасшы, өтіл, тәулік | | 1 |
| VII тарау | | Отандық тауар | | | 10 |
| | 1 | Отандық өнім | Сауда, мата, жіп, | Болжалды сан есім | 1 |
| | 2 | «Алтын сапа» сыйлығы | көйлек, етік, бөтенке, қыстық киімдер, | Мөлшер үстеу | 1 |
| | 3 | Артық болмас білгенің | жаздық киімдер, тігіс, тігін машинасы, | Одағай | 1 |
| | 4 | Пультті ойлап тапқан- қазақ | анықтау, нарық, кәсіпорын, тауар | Өзгелік етіс | 1 |
| | 5 | Жарнама жасау | сапасы, тәсіл, | | 1 |
| | 6 | Жазба жұмыстары | тұтынушы, тексеруші, | | 2 |
| | 7 | Тест жұмыстары | өндірістік тауар, жуық | | 2 |
| | 8 | Қорытынды сабақ | арада, отандық өнім, шет елге шығару, қазіргі таңда, сұраныс, алушы, сатушы, саны | | 1 |
| VIII тарау | | Әлемде талай қызық бар | | | 10 |
| | 1 | Адам бейнесін сипаттау | Ғұмыр, қауіп, мән, ұстану, өмір, | Шартты рай (қайталау) | 1 |
| | 2 | Адамның өмір сүру ұзақтығы | алмастыру, ара1, ара2, ара3, баяу, біріктіру, | Сын есімнің шырайлары (қайталау) | 1 |
| | 3 | Жаттығу жұмыстары | бұрын, қабық, куә, куә | | 2 |
| | 4 | Артық болмас білгенің | болу, құрастыру, құбылыс, сену, сәл- пәл, таласу, тұқым, | | 1 |
| | 5 | Әлемде талай қызық бар | ұзақ мерзімді, шырын | | 1 |
| | 6 | Қызықтан құр қалмаңыз | | | 1 |
| | 7 | Тест жұмыстары | | | 2 |
| | 8 | Қорытынды сабақ | | | 1 |
| | | Жалпы сағат саны | | | 80 |

Сабақтың тақырыбы: Әуежайда

Тыңдалым.

1-тапсырма. Тыңдалымды мұқият тыңдап, жаңа сөздерді тақырып бойынша кестеге жазыңыз.

| Әуежай | Авиакасса | Кеден | Ұшақта |
|--------|-----------|-------|--------|
| | | | |
| | | | |
| | | | |
| | | | |
| | | | |

Жазылым.

2-тапсырма. Сұраққа жауап беріңіз.

1. Ұшаққа міну үшін қандай құжаттар керек?
2. Ұшақта басты назарды қайда аударған дұрыс?

3-тапсырма. Сөйлемдерді толықтырыңыз.

Сіз билетті сатып алсаңыз, онда арзанға түседі. Екі билетке беруім керек. Билеттерді тіркеуден өткізуіміз керек. Ақтаудан Түркістанға ұшақ жерге сәтті қонды. Сендер «А» терминалына қажет. Құрметті жолаушылар, тағуларыңыз керек. Құрметті жолаушылар, сөндірулеріңізді өтінеміз.

Қажетті сөздер: алдын ала, тапсырыс, ұшқан, баруларын, ұялы телефондарыңызды, қауіпсіздік белдігін, уақытында, алдын ала, тапсырыс.

4-тапсырма. Кестені үлгі бойынша толтырыңыз.

| Маған не керек? | Менің не істеуім керек? | Қажетті сөздер | Етістік |
|-------------------|---|----------------------|---------------|
| Маған ақша керек. | Менің есеп шотымдағы ақшаны тексеруім керек | ақша, есеп шот | тексеру |
| | | билет | тапсырыс беру |
| | | жол кестесі, ақпарат | алу |
| | | жылы киім | Салу |
| | | ыңғайлы орын | Сұрау |

5-тапсырма. Берілген сөздермен сөйлем құрап, негізгі грамматикалық және қажеттілік модальдық құрылымдарымен жұмыс жасаңыз.

Қажетті сөздер: ұшақ, жүк, шығарып салу, тапсырыс, дайындалу, билет, әуежай, анықтама бөлімі, бару және қайту, жүкті қораптау, қабат, көші-қон картасы, тіркеу, таразы, қол жүгі

Үлгі: Менің ұшаққа билет сатып алуым керек.

| | |
|--------|-----------|
| Менің | Біздің |
| 1. | 1. |
| 2. | 2. |
| 3. | 3. |
| Сенің | Сендердің |
| 1. | 1. |
| 2. | 2. |
| 3. | 3. |
| Сіздің | Сіздердің |
| 1. | 1. |
| 2. | 2. |
| 3. | 3. |
| Оның | Олардың |
| 1. | 1. |
| 2. | 2. |
| 3. | 3. |

Оқылым. Мәтінді оқып, қысқаша мазмұнын айтамыз.

Аэропорт, әуежай – әуе көлігі құралдарымен тұрақты түрде жолаушыларды, жүк пен пошта тасымалдауды қамтамасыз етуге арналған кәсіпорын.

Құрамына аэродром, аэровокзал т.б. ғимараттар, техникалық қызметтер, құрал-жабдықтар енеді.

Жабдықталу және тасымалдау дәрежесіне қарай халықаралық және жергілікті аэропорттар болып ажыратылады. Қазіргі таңда әуе көлігінде қызмет атқаратын жас мамандарды стюардесса деп атаса, жүргізушіні ұшқыш деп атайды. Әуе кемесін басқарудың өзі көп қиыншылықты талап ететіні мәлім. Ұшақты басқаруда осы күнге дейін біршама ұшқыштар миллиондаған адамдардың жанын алып қалу үшін, өз жандарын қиған. Аэропорт радиолокатормен, автоматты радиотехникалық құралдармен, жарық сигналы жүйесімен, навигациялық құрылғылармен, т.б. жабдықталады. Аэропорттың орнын таңдағанда оның қалаға қатынауға ыңғайлы болуы, қалада шуды көбейтпеу мақсатында едәуір қашықтыққа орналастыру, грунттық және

гидрогеологиялық шарттардың орындалуы, аэропорт жанында биік кедергілердің болмауы, т.б. ескеріледі.

Аэропорттың негізгі бөлігі – аэродром. Онда ұшақ ұшатын және қонатын *жолақты жолдар, бағдарлану жолы, ұшақ тұратын орындар*, т.б. болады. Ал аэропорттың қызмет көрсету-техникалық аймағына жолаушылар кешені (*аэровокзал, аэровокзал алаңы, перрондар, қонақ үй*, сондай-ақ жүк тиеу және түсіру кешені) жатады. Ірі аэропорттардың аумағы мыңдаған гектарға жетеді және оларда бір мезетте бірнеше ұшақ қонып және ұшып жатады.

Есте сақта. Сөздіктіктегі сөздерді мұқият оқып, жаттап аламыз.

халықаралық әуежай – международный аэропорт

анықтама бөлімі – справочное бюро

ұшақ кестесі – расписание самолетов

жолаушылар – пассажиры

баруға және қайтуға – туда и обратно

билетті алдын ала сату – предварительная продажа билетов

бір бағытта – в один конец

көші-қон картасы – миграционная карта

тіркеу – регистрация

тіркеуді хабарлау – объявить регистрацию

шамамен ұшу уақыты – ориентировочное время полета

қол жүгі – ручная кладь

жүкті таразыға қою – вставить багаж на весы

жүктің салмағы – вес багажа

жүкті қораптау – упаковать, багаж

жүкті беру – выдача багажа

тексеріс аймағы – зона проверки

кедендік тексеру – таможенная проверка

отырғызу талоны – посадочный талон

экипаж мүшесі – член экипажа

техникалық қауіпсіздік – техническая безопасность

қауіпсіздік белдігін тағу – пристегнуть ремень безопасности

Сабақтың тақырыбы: Қонақүйде

Тыңдалым.

1-тапсырма. Тыңдалымды мұқият тыңдап, қысқаша түсінігіңізді жазыңыз.
Қонақүй

Жазылым.

2-тапсырма. Берілген диалогті негізге ала отырып, кестедегі сұрақтарға жауап беріңіз.

| Негізгі ой | Сөз орамы |
|--|------------------|
| Олар қанша кісілік нөмірді сұрады? | |
| Қандай нөмірді броньға берді? | |
| Қонақүй әкімшілігі қандай нөмірлерді ұсынды? | |
| Клиенттер бірден орналаса алды ма? | |
| Олар таңдаған нөмір шамамен қанша тұрады? | |

Оқылым. Мәтінді оқып, қысқаша мазмұнын айтамыз.

Қазақстан (қонақ үй)

«Қазақстан» - қонақ үйі. Алматы қаласының орталығында орналасқан республикалық дәрежедегі жоғары класты мейманхана. Өзінің ерекше пішінімен бұл қонақ үй — Алматы қаласының символдарының бірі.

1000 орындық мейманхана ғимаратының 25 қабатының 21 қабаты (бір, екі, үш бөлмелі) қонақжай бөлмелерінен, төменгі екі қабаты қоғамдық қызмет көрсету жайларынан тұрады. Төменгі қабаттарда қонақтарды тіркеу, оларға тұрмыстық, техникалық қызмет көрсету (пошта, телеграф, жинақ кассалары, медициналық жәрдем, жолаушылар кассасы, “Интурист” бюросы, т.б.) бөлмелері орналасқан. Жылына 266 мың адамға қызмет көрсете алады. Жиналыстар, семинарлар, т.б. өткізуге арналған қосымша орындары, 116 орындық мәслихат залы, бизнес орталығы, жазғы кафе, банкет залы, ұлттық асхана, іскерлік кездесулер өткізуге арналған кең холл-вестибюль мен әр қабатта арнайы жабдықталған мүйістер бар.

Ғимараттың оңтүстік павильонында 4 банкет залы бар мейрамхана орналасқан. Ең жоғарғы қабатта тау мен қала келбеті айқын көрінетін “Космос” кафесі жұмыс істейді.

Қазақстан — елдегі жер сілкіну қаупі бар аймақта орналасқан, сейсмикалық жағынан берік, биіктігі 102 м алғашқы заңғар ғимарат.

Оның зәулім тұлғасы 50,2×29,6 м өлшемді эллипс пішіндес, қызмет көрсету блогі бар тұғырбеттік бөлімнің өлшемдері 76,0×82,0 м, меймандар бөлмелеріне күн сәулесінің жақсы түсуі (инсоляция), жылдың ыстық маусымындағы желдің қолайлы бағыты ескеріліп, маңайындағы басқа құрылыстармен, табиғатпен жарасымды үйлестірілген. Балкондардың қоршаулары, ғимараттың шет жақтары және алдыңғы беттерінің саңылаусыз тік бөлшектері ғимаратқа монументтік сипат беретін ақ ұлутаспен қапталған. Орталық павильонның негізгі бөлігі — көлденең темірбетонды диафрагмалар тарайтын тұтас құйылған темірбетонды өзек. Ғимараттың негізгі қоршау құрылымдары жеңіл аспалы панельдерден құралған. Ішкі-сыртқы әрлеуіне мәрмәр, алюминий, сәндік сылақ, Қазақстанның жергілікті материалдары — ұлутас, гранит пайдаланылған. Мейманхана кешенінің барлық сәндік әшекейлерінде жергілікті ұлттық дәстүрлер ескерілген. Жобалық есебі аса күрделі де көлемді құрылыс сырт қарағанға жеңіл, еңселі тұрпатқа ие болған, төбесіне тізіле тартылған әркең жарықтары әсем ғимараттың айшықты тәжі іспетті.

3-тапсырма. Мәтінді мұқият оқып, ақпараттың сәйкестігіне қарай «шын» немесе «жалған» деп жауап беріңіз.

| Ақпарат | Шын | Жалған |
|--------------------------------------|-----|--------|
| Қонақүйде 114 орын бар | | |
| Бесжұлдызды қонақүй | | |
| Таудың ортасында орналасқан | | |
| Қонақүй «Қазақстан» деп аталады | | |
| Қонақүй заманауи үлгіде салынған. | | |
| Қонақүй Алматы қаласында орналасқан. | | |
| Қонақүй 13 қабаттан тұрады | | |

Есте сақта. Сөздіктіктегі сөздерді мұқият оқып, жаттап аламыз.

қонақүй кешені – гостиничный комплекс
қонақжайлылық – гостеприимство
бәсекеге қабілетті – конкуретоспособный
екі кісілік нөмір – двухместный номер
төрт кісілік нөмір – двухместный номер
тәуліктік баға – суточная стоимость
бір аптаға орналасу – поселиться на одну неделю
жайлы, жабдықталған – комфортабельный
бесжұлдызды қонақүй – ьпятизвездочный отель
қонақүй туралы ақпарат – информация о гостинице
люкс нөмір – люксовый номер
жартылай люкс – полулюкс
тәулік бойы – суточная
көрсетілетін қызмет – обслуживание
тұрақты клиент – постоянный клиент
төрт мезгіл тамақтану – четырехразовое питание

Сабақтың тақырыбы: Мамандықтың бәрі жақсы

Жазылым.

1-тапсырма. Сөздерді сұрақтары бойынша топтастырыңыз.

Алдыңғүні, оқитын, күзде, нағашысы, билейтін. Абай көшесінде, заңгерімен, әріптесімен, автобус жүргізушісі, жақсы ойнайтын, жұмада, келгендер, күлетіндер, түстен кейін, ең жақын құрбысымен, бірсігүні, саяжайға, қаланың сыртында, баласымен, анасының қасында, көшенің басында, немересімен, жақсы көретін

Кім? Қайда? Кіммен? Қашан? не істейсің?

2-тапсырма. Қажетті сөзді қойып, сөйлемді аяқтаңыз.

әрбір кейбір бірнеше әлдеқашан әрдайым әлдене әлдекім

1. Бүгін жаңадан келген тек маман ғана сынақтан өткізілді.
2. күндері жұмысқа кешігіп қаламын.
3. Сіздің сынақ нәтижелеріңізді электронды поштаңызға жібергенмін.
4. Жаңа тарс ете қалды.
5. Сіздің жеке компьютеріңізді қосып кеткен сияқты.
6. қызметкерге жаңа рұқсат қағазы берілсін.
7. Мен өзімді сынап отырамын.

Оқылым. Мәтінді оқып, қысқаша мазмұнын айтамыз.

Жұмыс іздеу сырлары

Жаңа жұмыс іздеп жүрсіз бе? Жұмысқа еш қиындықсыз орналасуда қателік жібермес үшін мына кеңестерге назар салыңыз.

Түйіндеме

1. Түйіндемеңізді бірнеше мекемелерге жіберіп, біреуінен хабар келіп қалар деп ойламаңыз. Түйіндемеңізді жіберген әр компанияның аты, айналысатын жұмысынан хабардар болғаныңыз дұрыс.
2. Әрбір мекеме үшін түйіндемені жаңаша құрастырыңыз. Қосымша білім, қызығушылық, мақсат, өзім жайлы деген бөлімдерді мекеменің жұмыс істеу саласы мен өзіне тән ерекшелігіне сай толтырыңыз. Келесі күні сол компанияға қоңырау шалып, түйіндемеңіздің жеткен- жетпегені жайлы сұраңыз. Осылайша, сіз тек осы мекемеде жұмыс істеуге ниеттенгеніңізді көрсетесіз.
3. Кейбір компанияларда түйіндемеге қосымша электронды хат жіберіледі. Дәстүрлі «Қайырлы күн. Менің түйіндемеңді қарастыруларыңызды

сұраймын» демей, осы хатты оқитын кісі сізбен кездескісі келетіндей әсерлі етіп жазыңыз.

4. Түйіндеме жібергеніңізге бір апта өтті, бірақ жауап келмеді. Мекемеге әлденеше рет қоңырау шалып, жауаптарын сұрап, мазаламаңыз. Бос отырмай, басқа мекемелерге де түйіндеме жіберуді тоқтатпаңыз. Белгілі бір компанияға жұмысқа кіргіңіз келсе, сол мекеме жайлы барынша мол ақпарат жинаңыз. Қазірде әрбір компанияның ғаламторда өз сайты бар. Ал сәті түсіп, сол компанияға кездесуге шақырса, бар біліміңізді аямай көрсетіңіз.
5. «Адам көркі – шүберек» демекші, кей компанияның белгілі киім үлгісі болады. Сондықтан кеңселік киім үлгісін кигеніңіз жөн. Кездесу барысында сол компания жайлы бірнеше сұрақтар қойыңыз. Бұл сіздің осы жұмысқа қызығатыныңызды көрсетеді. Кездесуде күлімсіреп, сұрақтарға толық жауап беріп отырыңыз. Сұрақтарға асықпай, дауыс көтермей, өзіңізге сенімділікпен жауап беріңіз.

3-тапсырма. Төмендегі ақпараттарды мәтіндегі азатжолдармен сәйкестендіріңіз.

| Ақпарат | Азат жол № |
|---|------------|
| Өзіңіздің жақсы маман екеніңізді киіміңіз, сөйлеген сөзіңіз арқылы көрсетуіңізге болады. | |
| Түйіндемеңізді белгілі бір компанияға жіберген соң, оның сол компанияға жеткені туралы хабар алыңыз. Әр кезде жаңа түйіндеме құрастырыңыз | |
| Әр компанияның өз заңы бар. Қосымша хат жіберетін болсаңыз, өзіңіздің сыпайы, білікті маман екеніңізді көрсететін әсерлі хат жазыңыз. | |
| Пікірлесуге бармас бұрын сол компания туралы мол ақпарат жинаңыз. Ол сіз үшін пайдалы болады. | |
| Сізге жұмыс керек болса, түрлі компанияларға түйіндемелеріңізді жіберіңіз | |

4-тапсырма. Мәтін мазмұны бойынша сұраққа жауап беріңіз.

Бұл сөйлемнің мағынасы нені білдіреді?

1. Келесі күні сол компанияға қоңырау шалып, түйіндемеңіздің жеткен-жетпегені жайлы сұраңыз. Не үшін сұрау керек?

2. Сұрақтарға асықпай, дауыс көтермей, өзіңізге сенімділікпен жауап беріңіз. Неге?

3. Белгілі бір компанияға жұмысқа кіргіңіз келсе, сол мекеме жайлы барынша мол ақпарат жинаңыз. Бұл не үшін керек?

4. «Адам көркі – шүберек» деген мақал қандай мағынаны береді?

5. «Жұмысқа еш қиындықсыз орналасу» жас маман үшін мүмкін деп ойлайсыз ба?

6. Түйіндемеде өзіңіз туралы жазылған ақпараттар бойынша ғана жақсы жұмыс табу мүмкін бе? Егер мүмкін болмаса, қандай қосымша әрекеттер жасауға болады?

5-тапсырма. Сөздердің антонимі мен синонимін табыңыз.

| антоним | сөз | синоним |
|---------|---------------|---------|
| | қиындық | |
| | жауапкершілік | |
| | қадағалау | |
| | айқындау | |
| | шыдамсыздық | |
| | асығыстық | |

Айтылым. Жұптық жұмыс.

а) Сіз қызметкерлерді басқару бөлімінің пікірлесу жүргізетін бас маманысыз. Төмендегі сұрақтарды әріптесіңізге қойыңыз.

- 1) Қанша жастан бастап жұмыс істедіңіз?
- 2) Қанша жастан бастап зейнеткерлікке шыққан дұрыс?
- 3) Әйел адам ер адам істейтін жұмысты істей ала ма?
- 4) Сіз үшін маңыздысы жоғары жалақы ма әлде қызықты жұмыс па?
- 5) Өз қызметіңізді ауыстырғыңыз келе ме?
- 6) 65 жастан кейін адамдар жұмыс істей алады деп ойлайсыз ба?
- 7) Сіздің ойыңызша бастық қандай болуы керек?
- 8) Сіздің жұмысыңыздың пайдалы және пайдасыз жақтары не деп ойлайсыз?
- 9) Жұмысыңызды жиналыстың көп болғанын қалайсыз ба?
- 10) Жұмыс күні біткеніне қарамастан, жұмысыңызды жалғастыра бересіз бе?
Ол үшін басшыңыздан ақша төлеуді немесе демалыс күнін талап етесіз бе?
- 11) Төмендегі үш сөздің қайсысы сізге лайықты?
 - еңбекқор
 - жалқау
 - тиянақты
- 12) Қағазбен жұмыс істеу ұнай ма? Себебі не?
- 13) Компьютермен жұмыс істеу ұнай ма? Неге?
- 14) Сіз туралы әріптестеріңіз қандай көзқараста деп ойлайсыз?
- 15) Өз мамандығыңыз ең қажетті мамандық деп санайсыз ба? Неге?

Есте сақта. Сөздіктіктегі сөздерді мұқият оқып, жаттап аламыз.

әділдік – справедливость
бибітшілік – мир
бірлестік – объединение
еңбекқор – трудолюбивый
жалқаулық – лень
жалақы – зарплата
жауапкершілік – ответственность
жұмыс күні – рабочий день
зейнеткерлік – пенсионный
көзқарас- взгляд
қызығушылық – интерес
қызмет – сервис
лайықты – подходящий
табандылық – настойчивость
татулық – дружба
тазалық – чистота

шығармашылық – творческий
жұмыс өтілі – стаж работы
көшбасшы – лидер

Сабақтың тақырыбы: Отандық тауар

Жазылым.

1-тапсырма. Берілген хаттағы грамматикалық, пунктуациялық және орфографиялық қателерді табыңыз.

Сәлем! Менің атым – Санжар. Менде 28 жас. Менің екі ағаларым сондықтан үш қарындас бар. Мен Астанада тұрамын. Мамандығым – қаржыгер. Мен 2000 жылы Алматыда оқимын. Менің көп достар бар. Олдар көңілді, мейірімді достар. Мен оларды жақсы көреді. Сенің атыңыз кім? Менге хат жазыңыз. Сеннен хат күтемін.

Санжар

12.09.2012 жыл.

а) Хатты қатесіз көшіріп жазыңыз.

2-тапсырма. Берілген сөздерді пайдаланып, бір күндік жұмыс күніңізді жазыңыз.

Тұрамын, жуынамын, жасаймын, кездесемін, талқылаймын, үзіліс, жиналысқа қатысу, мінемін, жұмыс істеймін, барамын, киінемін, телефон соғамын, компьютермен жұмыс, хат жазамын.

3-тапсырма. Сан есімдерді тиісті бағанға ажырытып жазыңыз.

Жетеу, бес, үштен екі, бес шақты, мың, жүздеген, жүзден алты, он үшінші, бесеу, бірінші, төртеу, жиырмасыншы, біреу, отызыншы, отыздай, екіден бір, бір бүтін оннан үш, қырық, сегіз, екеу, сегіздерде, алтыншы, қырық алты, отыз бестерде, сексенде, жетпіс жеті.

| Есептік | Реттік | Бөлшектік | Жинақтық | Болжалдық |
|---------|--------|-----------|----------|-----------|
| _____ | _____ | _____ | _____ | _____ |
| _____ | _____ | _____ | _____ | _____ |
| _____ | _____ | _____ | _____ | _____ |
| _____ | _____ | _____ | _____ | _____ |

Оқылым. Мәтінді оқып, қысқаша мазмұнын айтамыз.

«Алтын сапа» - үздіктерге берілетін сыйлық.

Әлемнің жетпістей елінде тауар сапасы бойынша берілетін ұлттық байқаулар бар екен. Олардың арасындағы ең абыройлысы – Жапониядағы Деминг сыйлығы. Одан кейін АҚШ-тағы Малькольм Болдридж атындағы ұлттық сапа сыйлығы және Еуропалық сапа сыйлығы тұрады. Олардың ортақ ұқсастығы сапа үшін берілуі болғанымен, түрлі бағыттар бойынша берілетінімен ерекшеленетін бөлек сипаттары да бар. Еуропалық сыйлық қоршаған орта мен тұтынушылар қызығушылықтарын қорғауға басымдық берсе. Деминг жүлдесі стандарттау әдістерінің қаншалықты кең қолданылуына мән береді.

Ал Болдридж сыйлығын стратегиялық жоспарлауды бәрінен де анағұрлым жақсы жүргізгендер ала алады. Ал біздің елімізде осы сыйлықтарға ұқсас «Алтын сапа» сыйлығы бар.

«Алтын сапа» - бұл сапа саласындағы жетістіктер үшін берілетін, 2006 жылы Президент арнайы тағайындаған ұлттық награда, Елбасы сыйлығы. Байқауға жүздеген, кейде, тіпті, одан да көп кәсіпорын қатысады. Сол екі жүз шақты қатысушылардың арасынан озып шыққан үш кәсіпорынға ғана «Алтын сапа» сыйлығы беріледі. Жыл сайын өткізілетін «Алтын сапа» сыйлығы екі санат бойынша үш аталымда беріледі. Олар «үздік өндірістік тауарлар шығаратын кәсіпорын» және «үздік қызмет көрсететін кәсіпорын» деп аталады.

Жазылым.

4-тапсырма. Егер сіз тауар сапасы туралы сыйлық берер болсаңыз, жүлдеңізді қалай атар едіңіз? Оның берілу шарты қандай болады?

5-тапсырма. Қазақстанда жасалатын өнімдер, оның ішінде сүт өнімдері туралы баяндама жасаңыз.

Баяндамаңызда мына мәселелер қамтылуы тиіс:

- а) өндірушінің толық аты-жөні, мекені
- ә) өнім жарамдылығы қанша күнге жарамды
- б) бағасы
- г) дүкендерге жеткізілуі
- д) өнім туралы сауалнама жүргізіп, нәтижесін хабарлаңыз

Есте сақта. Сөздіктегі сөздерді мұқият оқып, жаттап аламыз.

отандық өнім- отечественный продукт, товар

аталым – номинация

байқау – конкурс

жетістіктер – достижение

кәсіпорын – предприятие

қатысушы – участник

нарық – рынок

тауар сапасы – качество товара

тексеруші – проверяющий, контролер

ұлттық – национальный

үздік – отличник

санат – категория

өндірістік тауар – производственный товар

халық тұтынатын өнімдер – товары народного потребления

аймақ – область, край

туынды жасау – создать шедевр

шет елге шығару – вывести за границу, экспорт

ұлттық нақыш – национальный стиль

Сабақтың тақырыбы: Қазақстандық сәнгерлер

Оқылым. Мәтінді оқып, қысқаша мазмұнын айтамыз.

Қазақстандық «мода» жайлы не біліміз?

Кейбір деректер бойынша, қазақ басылымдары «сән», «мода», және «подиум» деген сөздерді 1913 жылдардың өзінде пайдалана бастаған. Қазіргі кезде «сән әлемі» ресми түрде 1947 жылы келген дейді. Ал, жалпы, ата-бабаларымыздың ежелден келістіре киген қазақы өрнегі бар сәнді киімдері мен әшекей бұйымдарының өзі нағыз «сәндіктің» өзі емес пе? Отандық сән әлемінің дүниеге келуіне «Сымбат» сән академиясы себепші болған деген мәлімет бар. Тұңғыш рет 1972 жылы қазақстандық сән өнерін шетелге таныстырған компанияның «Сымбат» деп аталған тұңғыш журналы 1958 жылы, ал тұңғыш мода театры 1987 жылы ашылған екен. Қазірде елімізді әлемге танытып жүрген атақты дизайнерлеріміз де жетерлік.

Құралай Заманбекқызы Нұрқаділова – қазақстандық дизайнер, суретші, стилист, «Құралай» сән үйінің басшысы.

Айда Кауменова – әдемі, сәнді, көркем *preta-porter de lux* коллекциясын шығарушы, табысты әрі жас дизайнер. Аида 5 жылдан бері өзінің жеке маркасында «Aida KaumeNOVA» сән үйін құрған, осы брендті киімдер шығаруда.

Бүгінгі күні «Ауа Варані» брендімен танымал Ая қазақстандық сән әлеміне өзгеріс алып келген дизайнерлердің бірі. Қазақ тарихынан, этнографиясы мен өнерінен шабыт алатын Ая: «Киізден жасалып, қазақтың ұлттық ою-өрнектерімен сәнделген коллекциядағы әрбір туындым оның иегеріне қазақи рух беріп, кең-байтақ қазақ даласының күшін сезіндіреді».

Отандық сән индустриясының жарқын өкілі Салтанат Баймұхамедова сән әлеміне сонау 2000 жылдары келген болатын. Басында «F..you» киім желісімен жастарға арналған киімдер тігіп жүрген Салтанаттың 2008 жылдың наурыз айында Trend & Tendance агенттігінің қолдауымен Парижде алғашқы сән көрсетілімі өтеді.

Сән өнеркәсібінде жүргеніне 10 жылға жуық уақыт болғанымен, Камила Курбанидің қазақстандық сән сахнасына келгеніне небәрі 2 жылдай болған. Осы уақыттың ішінде ол сән әлеміне өзгелерге ұқсамайтын ерекше стилін ұсынған. Екпінді гламурға емес, керісінше *unisex* пен *casual* стиліндегі еркіндікке түсіретін Камиланың тұтынушылары еркін ойлайтын, өзгеден аса ерекшеленбейтін, бірақ өзінің ерекше қайталанбас стилімен көзге түсетін кәдімгі қала тұрғындары.

2011 жылдан бері отандық сән әлеміне қадам басқан ZhSaken брендінің негізін қалаушы Сәкен Жақсыбайды бүгінгі күні танымайтын қазақстандық

сәнқой жоқ шығар. Ол киімдерін тігуде барқыт, жібек, шілтер және шифон маталарын қолданады. Оның барлық киімдері сапалы әрі бағасы қолжетімді.

Жазылым.

1-тапсырма. Сұрақтарға жауап беріңіз.

- 1) Қазақстандық сән өнері шетелге тұңғыш рет қай жылы таныстырылды?
- 2) Ая Бапани қандай материалмен жұмыс істейді?
- 3) Камила Курбанидің киімін киюшілер несімен ерекшеленеді?
- 4) Сәкен Жақсыбайдың киімдері қандай материалдан тігілген?
- 5) Сізге қайсы дизайнердің киімдері ұнайды?

2-тапсырма. Берілген тапсырманы орындаңыз.

а) Құралай Заманбекқызы Нұрқаділова туралы 2 мәлімет жазыңыз.

1. _____
2. _____

ә) Аида Кауменова туралы 3 мәлімет жазыңыз.

1. _____
2. _____
3. _____

3-тапсырма. Мақалға тиісті есімшенің қосымшасын жалғап, аяқтаңыз.

Ерін..... қар.... ұятқа, Шақыр..... жерден қалма
ізден..... жет... мұратқа шақырма..... жерге барма
Ерінбе..... етікші бол..... Жауын жау....., көк шығ.....

4-тапсырма. Сөйлемдерді сәйкестендіріңіз.

Менің әжем жазда ауылдан **демалған** бірақ ақпарат жалған екен.

Тілшілер атақты әртіс тура-
лы мақала

отырмаспын бізге құрт, май, ірімшік әкелетін.

Әріптесімнің отбасы Алакөлде **киінген** терезелерді ашып қойдық.

Ғаламторда күнде жаңалықтар **болмас** дегенмен екі-үш сағат әлеуметтік желіде отырғанымды байқамай қаламын.

Қазақтың сал-серілері әдемі **жазған** балалары күнге күйіп кетіпті
Кеше қатты дауыл **келетін** белдіктері де таза күмістен жасалған екен

5-тапсырма. Ғалымтордан қазақстандық бір сәнгер туралы ақпарат тауып баяндама дайындаңыз.

Баяндамаңызда мына мәліметтер болуы тиіс:

- 1) Туған жылы, жері
- 2) Сән үлгісіне қалай келді?
- 3) Қандай жеңістері бар?
- 4) Қандай атақты адамдарды киіндіреді?
- 5) Киім тігуде қандай стильді ұнатады?
- 6) Жеке дүкені немесе сән үйі бар ма?

Айтылым.

1-тапсырма. Сіз жұмыс істейтін компания башысы таңертеңгілік жиналыста хабарлама жасады. Сіз осы хабарлама жөнінде не ойлайсыз?

Әріптестер өзара талқылаңыздар.

1. Компания қызметкерлерінің бірыңғай киім кигені жақсы ма? Неге ия / неге жоқ? Өз пікіріңіздің дұрыстығына кемінде 5 дәлел келтіріңіз.
2. Егер қызметкерлер бірыңғай киім кесе, шынымен, өз жалақыларын үнемдей ме?
3. Бірыңғай киім киген ыңғайлы ма?
4. Компания қызметкерлерінің бірыңғай киім кигендері олардың көңіл күйлеріне әсер етеді деп ойлайсыз ба?
5. Егер сіз басшылықтың бұл пікіріне келіспесеңіз, қандай ұсыныс жасар едіңіз?
6. Компания беделі мен қызметкерлердің бірыңғай киім киюінің арасында байланыс бар ма?
7. Компания беделін көтерудің басқа жолдары бар ма?

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. «Қазақ тілі» оқулық орта деңгей В1, А.Т.Бозбаева-Хунг, А.К.Балабеков, Г.Қ.Досмамбетова, Б.О.Салыхова, Ә.Ж.Хазимова 2012 ж
2. Мемлекеттік қызметшілерге арналған үш деңгейлік оқу құралы.
3. Ш. Ерназарова, Е.Е. Тілешов, Ж.А. Тұрлыбекова , Ұ.К. Қаюпова . Алматы: 2010 ж.
3. «Қазақша үйренейік» ересектерге арналған оқу құралы. - Е.Е. Тілешов, Ж.А. Тұрлыбекова , Ұ.К. Қаюпова . Астана «Руханият»: 2010 ж.
4. Қазақ тілі. Мемлекеттік қызметшілерге арналған оқу құралы. Г. О. Әмірова. Астана – 2009 ж.
5. «Қазақ тілі» оқулық орта деңгей В1 2017 ж
6. «Қазақ тілі тілдарын» оқу құралы В1 2014 ж